

ӘОЖ: 665.66

**МҰНАЙ ӨНІМДЕРІН САҚТАУ КЕЗІНДЕГІ СУДЫҢ  
МҮМКІНДІК КӨЛЕМІН ЕСЕПТЕУ**

**Т. К. Уразгалиев, техника ғылымдарының докторы, профессор  
А. Ю. Бектилевов, магистрант**

Жәнгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

*Резервуарларда мұнай өнімдерін сақтау кезінде онда суасты сулары жиналады. Мұндай суларды резервуардан берген кезде олар мұнай өнімдерімен аралысып шығып кетпеуді үшін, кезеңмен оларды резервуардан жойып тұру қажет. Осыған байланысты бұл судың мөлшерін дұрыс бағалау маңызды болып саналады.*

*При хранении в резервуарах нефтепродуктов, в них происходит накопление подтоварной воды. Периодически эту воду необходимо удалять из резервуаров, чтобы не происходило ее смешивание с нефтепродуктами при их выдаче из резервуаров. В связи с этим важно правильно оценивать объемы этой воды*

*During the storage of oil products in reservoirs, there is the accumulation of produced water must be periodically removed from reservoirs, in order to prevent its mixing with oil products during the output from reservoir. In this connection, it is necessary to estimate the value of this water correctly.*

Мұнай өнімдерін өндіру, сақтау және тасымалдау процесінде олардың сулану жағдайлары болады. Мұның себебі мұндағы ерітілген сулардың еркін суларға айналуы, ылғал құйылу және айдалу кезіндегі конденсацияның, эмульсиялық және тауар асты суының есебінен түсүі. Мұнай өнімінің құрамындағы су олардың пайдалану қасиеттеріне кері әсерін тигізеді, осының нәтижесінде оның тәменгі температуралық, майланғыштық, тозуга беріктік қасиеттері нашарлайды. Мұнай базаларында суды сақтау кезінде ол біртіндеп резервуардың түбіне тауар асты суларын жинап тұнады. Осыған байланысты оны кезеңмен жойып тұру қажет болады. Жойылған сулардың көлемін бағалау үшін оның мұнай өнімдеріндегі құрамдылығын білген маңызды.

Жарық мұнай өнімдері құрамында еркін сулардың болуы – бұл шикізаттың көмірсүтек құрамына, қайта өңдеу процесіне, отындарды тазалау әдістеріне, атмосфералық жағдайларға және т.б. тәуелді көрсектішке байланысты болады және оларды алдын-ала ескеру мүмкін емес. Мүмкіншілік теориясы мен математикалық статистиканың негізгі жағдайларын пайдалану арқылы еркін судың болу мүмкіндігін табуды талдаудан көруге болады [1, 2]. Еркін судың болуын анықтау үшін (математикалық күтілуге тен) Батыс Қазақстан облысының мұнай базалары жағдайында АИ-93 автомобильдік бензиніндегі және Л дизельдік отыннандағы судың құрамдылығы туралы статистикалық мәлімет жиналды. Отынның құрамындағы еркін сулардың болуын анықтау гидрид-кальцийлік әдісімен жүргіzlді. Эрбір отын бойынша талдаудың жалпы саны 46 болды.

Тандаулы орташа және дисперсиялар есептелу үшін өндіру әдісі қолданылды. Эрбір отындағы еркін судың құрамдылығына барлығы  $n = 46$  анықтау жасалды. Бұл мәліметтер бірдей ұзындық интервалдары бойынша топтастырылады. Интервалдың ұзындығы  $h = 0,01$ -ге тең. Интервал саны  $S = 5$ -ке тең. Інфайлалық үшін 1 есептеу кестесі қолданылады. Эрбір интервалдың ортасы есептелінеді  $X_i$ , «С» есептеу басы үшін 0,035-ке тең үшінші интервалдың ортасы алынады. Жиіліктер тәртіптер интервалдағы нұсқалар санына тең болады.

**1-кесте Отындардың сулануының мүмкіншілік сипаттамасы**

Ин-тер-вал №	Интер-валдар	x	m	u	mu	mu <sup>2</sup>	Интервал шегі		Φ(Z <sub>i+1</sub> )	Φ(Z <sub>i</sub> )	P <sub>i</sub>	m'	X <sup>2</sup>
							Z <sub>i</sub>	Z <sub>i+1</sub>					
1	0,01-0,02	0,015	9	-2	-18	36	-2	-1	-0,3413	-0,4772	0,1359	6,25	1,21
2	0,02-0,03	0,025	14	-1	-14	14	-1	0	0	-0,3413	0,3413	15,75	0,18
3	0,03-0,04	0,035	15	0	0	0	0	1	0,3413	0	0,3413	15,75	0,03
4	0,04-0,05	0,045	7	1	7	7	1	2	0,4772	0,3413	0,1359	6,25	0,09
5	0,05-0,06	0,055	1	2	2	4	2	3	0,49865	0,4772	0,02145	1	0
<b>Сумма</b>		<b>n=46</b>		<b>-23</b>	<b>61</b>					$\Sigma P_i = 1$		<b>46</b>	<b>1,51</b>

Шартты нұсқалар u<sub>i</sub> мына формула арқылы есептелінеді:

$$u_i = \frac{X_i - C}{h}$$

Әрі қарай m<sub>i</sub> · u<sub>i</sub> и m<sub>i</sub> · u<sub>i</sub><sup>2</sup> есептелінеді.

Таңдаулы орташа X және дисперсия σ 1 және 2 формулалар бойынша есептелінеді.

$$\bar{X} = C + h \bar{u} \quad (1)$$

$$\text{Мұнда } \bar{u} = \frac{\sum m_i u_i}{n} \quad i=1$$

$$\sigma^2 = h^2 [\bar{u}^2 - (\bar{u})^2], \quad (2)$$

$$\text{Мұнда } \bar{u}^2 = \frac{\sum m_i u_i^2}{n} \quad i=1$$

берілген жағдай үшін  $\bar{u} = 0,5$ ;  $\bar{u}^2 = 1,33$

$$\begin{aligned} \bar{X} &= 0,035 + 0,01(-0,5) = 0,03 \\ \sigma &= (0,01)^2 [1,33 - (-0,5)^2] = 0,000108 \end{aligned}$$

Осыдан, квадраттың орташа ауытқуы  $\sigma = 0,0104$ .

Дұрыс қисық сзығың құру үшін теоретикалық жиіліктер m<sub>i</sub>' мына формула бойынша есептелінеді:

$$m_i' = n P_i \quad (3)$$

Мұнда P<sub>i</sub> – кездейсоқ көлемдердің интервалға түсіп кетуінің теоретикалық мүмкіндігі (Z<sub>i</sub>, Z<sub>i+1</sub>) мына формула арқылы анықталады:

$$P_i + \Phi(Z_{i+1}) - \Phi(Z_i) \quad (4)$$

Мұндағы  $\Phi(Z)$  – Лаплас функциясы.

Интервалдардың соны (Z<sub>i</sub>, Z<sub>i+1</sub>) мына формула арқылы анықталады:

$$Z_i = \frac{X_i - x}{\sigma}, \quad (5)$$

$$Z_{i+1} = \frac{X_{i+1} - \bar{X}}{\sigma}. \quad (6)$$

Теоретикалық жиілік бойымен дұрыс қисықтар және жиіліктерді бақылау полигоны құрылады (1 және 2 сурет). Кестелерді салыстыру теоретикалық қисық өлшемдердің мәліметін беретіндігін көрсетеді.


Өлшем мәліметтері дұрыс бөліну заңдарына бағынышты болады деп есептеу үшін келісу  $\chi^2$  критерийі қолданылды:

$$\chi^2 = - \sum_{i=1}^s \frac{(m_i - m'_i)^2}{m'_i} \quad (7)$$


Оның мәні эмпирестік және теоретикалық жиіліктерді салыстыруға қатысты. Эмпирестік  $m_i$  және теоретикалық  $m'_i$  жиіліктер кемірек ажыратылған сайын, келісім критерийі де  $\chi^2$  сонша кем болады, міне осыдан бұл критерийдің белгілі дәрежеде эмпирестік және теоретикалық бөліну жақындығын сипаттайтын. (7) бойынша  $\chi^2_{\text{набл.}}$  есептеледі. Еркіндік дәрежесі бойынша  $K$  (atalған жағдай үшін  $K = 2$ ) және берілген мәннің деңгейі үшін  $\alpha = 0,05$  кесте бойынша  $\chi^2_{\text{кр}}$  анықталады.

Егер  $\chi^2_{\text{бакыл}} < \chi^2_{\text{кр}}$  болса, болжамдалған дұрыс бөліну туралы гипотеза дұрыс деп саналады.

Бұл жағдайда  $\chi^2_{\text{бакыл}} = 1,51$ ,  $\chi^2_{\text{кр}} = 6,0$ .



**1-сурет Дұрыс қисық және бензиннің ылғалдылық жиілігін бақылайтын полигон**



**2-сурет. Дұрыс қисық және дизельдік отынның ылғалдылық жиілігін бақылайтын полигон**

## **Ғылым және білім №1 (14), 2009**

Әрі қарай  $\alpha = 0,95$  сенімділігі арқылы еркін судың отында болуын анықтайтын оның математикалық мәніне  $M$  тең келетін « $\alpha$ »-ның шынайы мәні бағаланады. Математикалық күтілуді бағалау сенімділік интервалының көмегімен өткізіледі.

$$\bar{X} - t_{\gamma} \frac{S}{\sqrt{n}} < a < \bar{X} + t_{\gamma} \frac{S}{\sqrt{n}} \quad (8)$$

Өлшем санына  $n$  қарай  $t_{\gamma}$  мәні  $t_{\gamma}$  мәнінің кестесінен және берілген  $\alpha = 0,95$  сенімділік арқылы анықталады.

Аталған жағдай үшін  $t_{\gamma} = 2,016$ .

Бағалау дәлдігі мына формуламен анықталады:

$$t_{\gamma} \frac{S}{\sqrt{n}} = 2,016 \frac{0,0104}{\sqrt{46}} = 0,0031 \quad (9)$$

Өлшемдер саны  $n = 46$  болғандықтан  $S$  орнына  $\sigma$  қабылдаймыз.

Интервал шектерін есептейміз:

$$\bar{X} - t_{\gamma} \frac{S}{\sqrt{n}};$$

$$\bar{X} + t_{\gamma} \frac{S}{\sqrt{n}};$$

Бензинде және дизельдік отында еркін сулардың болуын анықтайтын статистикалық мәліметті өңдеу нәтижесі 2 таблицада келтірілген.

Алынған нәтижелер тұрып қалған суларды шығарып тастау кезінде мұнай өнімдерінің бірге кетіп қалуын минималды ету үшін резервуарда оптимальды көлем алуға мүмкіндік береді. Көлемі  $V_p$  тең резервуарлар үшін су жинағыш көлемі  $V_b$  (отындардың сулануына қатысты) мынаған тең болады:

$$V_b = \frac{V_p \cdot M}{100}, \quad (10)$$

### **2 - Кесте Бензинде және дизельдік отында еркін сулардың болуын анықтайтын статистикалық мәліметті өңдеу нәтижесі**

№№ п/п	Мүмкіндік сипаттамасы	Бензин	Дизельдік отын
1	<b>Математикалық күтілу, <math>M</math></b>	<b>0,0107</b>	<b>0,03</b>
2	<b>Дисперсия</b>	<b><math>1,83 \cdot 10^{-6}</math></b>	<b><math>1,08 \cdot 10^{-4}</math></b>
3	$\chi^2_{\text{бакылануши}}$	<b>2,57</b>	<b>1,51</b>
4	$\chi^2_{\text{критикалық}}$	<b>7,8</b>	<b>6,0</b>
5	<b>Сенім шектері</b> a) $\bar{X} - t_{\gamma} \frac{S}{\sqrt{n}}$	<b>0,01356</b>	<b>0,0269</b>
	b) $\bar{X} + t_{\gamma} \frac{S}{\sqrt{n}}$	<b>0,01484</b>	<b>0,0331</b>

Мұнда  $M$  – отындардың сулануының математикалық күтілуі.

Сыйымдылығы 1000м<sup>3</sup> резервуарлар үшін бензин сактағанда су жинағыш 0,107м<sup>3</sup> тен болады, ал дизельдік отынды сактағанда – 0,3м<sup>3</sup>. Су жинағыштың көлемінің кемуі судың резервуар түбіне тәгілуіне әкеліп соғады, ал бұл отынның сулануына әкеледі, ал су жинағыштың көлемінің ұлғаюы лас суларды шығарғанда мұнай өнімдерінің азауына себеп болады.

Осылайша, зерттеу нәтижесінде резервуарда су жинағыш қондыру тауар асты суларын толық жоюға мүмкіндік беретіндігі туралы қортынды жасауға болады. Сонымен қатар резервуардағы мұнай өнімдерінде су болу мүмкіндігін анықтау әдісі жасалды, ол мұнай өнімдерінің минималды шығынмен тауар асты суларының шығын режимдерін есептеу үшін қажет.

### **ӘДЕБИЕТ**

1. Уразгалеев, Т. К. Исследование очистки нефтепродуктов от воды методом отстаивания / Т. К. Уразгалеев // Поиск. Приложение к журналу «Высшая школа Казахстана». – Алматы. – 2000. – №2. – с. 186-199.

2. Уразгалеев, Т. К. Обводненность и загрязненность нефтепродуктов на нефтебазах Республики Казахстан. Дисс. на соиск. уч. степ. д.т.н. – М.; МГАУ. – 2000.